

**Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті**  
**Әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар факультеті**  
**Гуманитарлық пәндер мұғалімдерін даярлау және Гуманитарлық ғылымдар**  
**бағыттары бойынша АҚ семинарының**  
**№ 4 хаттамасынан көшірме**

Түркістан қаласы

12.01.2023 ж.

**Қатысқандар:** т.ғ.к., доцент Г.Примкулова, т.ғ.д., АҚ төрағасы доцент Л.Динашева, т.ғ.к., доцент м.а. А.Сандыбаева, т.ғ.к., доцент м.а. А.Джумадуллаева, PhD доцент Қ.Базарбаев, PhD М.Салғараев, PhD А.Оспанова, PhD Р.Хазретәліқызы, Академиялық департамент директоры А.Бостанова, ӘЖҰБ басшысы Б.Шахабаев, әдіскерлер Қ.Полатбекова, Ж.Нуралиева.

**Күн тіртібі:**

1. Гуманитарлық пәндер мұғалімдерін даярлау және Гуманитарлық ғылымдар бағыттары бойынша ішкі аудит

**Тындалды.**

Тарих кафедрасының меңгерушісі Г.Примкулова. Қайырлы күн әріптестер. 6В01615, 6В02231-Тарих ББ бағдарламаларын бағалау бойынша кафедраның Академиялық комитет комиссиясының жасаған жұмысына тоқталайық. Бірінші кезекте - Қазақстандағы ең үздік ББ жүргізілген бенчмаркінг нәтижелері жан-жақты талданды. Олардың қатарында Әл Фараби ҚазҰУ, Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, Е.Н.Букетов атындағы Қарағанды университеті, Сулеймен Демирель университеті, М.Әуезов атындағы ОҚМУ, Қазақ Ұлттық қыздар университеті, ОҚМПУ, Шәкәрім атындағы Семей университеті, Абай атындағы ҚҰПУ және т.б. Талдай келе ББ бойынша ұқсас пәндердің тізімі шығарылды.

Сонымен қатар, ББ бойынша түлектер атрибутын мен түлектер моделін қалыптастыру мәселесіне көңіл бөлінді. Білім бері, құзыреттер мен кәсіби қызметі негізінде түлек моделінің құзыреттілік блогы қалыптастырылды:

1. Кәсіби білімді игеру;
2. Коммуникативті дағдыларды қолдану;
3. Оқу процесінде негізгі әдістері мен әдіснамасын меңгеру, қолдану;
4. Ғылыми көзқарасты қалыптастыру;
5. Оқу үрдісінде тәжірибе жинақтау.

**6В016-Гуманитарлық пәндер бойынша мұғалімдер даярлау (Тарих) Білім беру бағдарламасы түлектерінің моделі:**

Білім беру бағдарламасын аяқтағаннан кейін бітіруші келесі құзыреттерге ие болуы тиіс:

1) ойлау мәдениеті жоғары және дүниетанымы кең жоғары білімді тұлғаның қалыптасуына ықпал ететін әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдары бойынша базалық білімдерді меңгеруі;

2) Тарих мамандығы бойынша білім беру саласындағы міндеттерді тұжырымдау және ұқыпты шеше білуі; педагогикалық қызмет шеңберінде ақпараттық технологияларды қолдана білуі, кәсіби іс-әрекетін табысты жүзеге асыра алуы;

3) күнделікті кәсіби қызметте және магистратурада және докторантурада білімді жалғастыруға қажетті жаңа білімдерді алу дағдыларын меңгеруі тиіс;

4) оқыту, тәрбие, қарым-қатынас және еңбек саласындағы психологиялық және педагогикалық факторлардың рөлін және қолданбалы сипаттағы мәселелерді шеше білуі;

5) кәсіби білімді және тәжірибелік дағдыларды, қазіргі таңдағы заманауи педагогикалық, инновациялық және креативті технологияларды меңгеру.

**6B022-Гуманитарлық ғылымдар (Тарих) Білім беру бағдарламасы түлектерінің моделі:**

Білім беру бағдарламасын аяқтағаннан кейін бітіруші келесі құзыреттерге ие болуы тиіс:

- 1) гуманитарлық және әлеуметтік ғылымдар саласының негізгі ілімдері туралы білуі;
- 2) тарих ғылымындағы әртүрлі көзқарастар мен тұжырымдамалары мен іргелі пәндердің өзекті мәселелерін білуі;
- 3) өз кәсібінің мәні мен әлеуметтік маңыздылығын түсінуі;
- 4) ғылыми-зерттеу, оқыту, тәрбие, қарым-қатынас және еңбек саласындағы психологиялық және педагогикалық факторлардың рөлін және қолданбалы сипаттағы мәселелерді шеше білуі;
- 5) магистратура, докторантурада білімін жалғастыруға қажетті жаңа білімдерді алу дағдыларын меңгеруі тиіс.

Кафедрада АҚ комиссия жұмыс тобының Гуманитарлық пәндер мұғалімдерін даярлау және Гуманитарлық ғылымдар даярлау бағыттары бойынша ББ мақсаттары мен оқыту нәтижелерін талдау нәтижелеріне тоқталып кетсек болады.

**6B022-Гуманитарлық ғылымдар (Тарих) Білім беру бағдарламасы мақсаты:** Ғылыми ұйымдар мен мекемелерде, мемлекеттік басқару саласында кәсіби қызметін жүзеге асыруға қабілетті, ғылыми-зерттеу және ұйымдастыру құзыреттерін меңгерген тарихшы маман даярлау.

Оқыту нәтижелері:

ОН1. Қазақстан және Әлем елдерінің тарихи кезеңдердегі даму ерекшеліктерін, тарихи үдерістері туралы іргелі білімдерін көрсетеді, тарихи құбылыстар мен оқиғаларды байланыстырады.

ОН2. Гуманитарлық салада инновациялық технологияларды қолдана отырып, тарих ғылымдарының теориялық-методологиялық зерттеу әдістер кешенін меңгереді.

ОН3. Ғылыми зерттеу жұмысын жобалау, кәсіби білімін жетілдіру үшін Отандық және шетелдік тарихи мектептердің жалпы ғылыми әдістері мен әдіснамасын қолдануға қабілетті.

ОН4. Ғылыми мекемелерде (мұрағат, мұражай және т.б.) тарихи деректерді талдау, аналитикалық-сараптамалық ақпараттарды бағалау, ғылыми және мәдени жобаларды іске асырады.

ОН5. Дүние жүзі өркениеттерінің негізгі мәселелері, сондай-ақ түркі мемлекеттерінің әлеуметтік және саяси тарихының зерттелу деңгейі мен ғылыми-теориялық ізденістерінің сабақтастығын анықтайды.

**6B016-Гуманитарлық пәндер бойынша мұғалімдер даярлау (Тарих) Білім беру бағдарламасы мақсаты:** Іргелі және қолданбалы теориялық білімді, зерттеушілік дағдыны меңгерген, кәсіби-практикалық қызметті жүзеге асыратын, бәсекеге қабілетті тарих мұғалімін даярлау.

ОН1. Отандық және дүниежүзілік тарихтың әртүрлі кезеңдерін оқытуда, тарих саласындағы тұжырымдамалық және терминологиялық аппаратын пайдаланады, саяси, әлеуметтік-экономикалық, мәдени даму ерекшеліктерін бағалайды.

ОН2. Оқу процесін ұйымдастырудың негізгі әдістерін меңгереді, заманауи білім беру технологияларын, ақпараттық және цифрлық ресурстарды қолданады.

ОН3. Тарихи оқиғалар мен құбылыстардың, фактілердің шынайлығын анықтауда дерек көздерді және тарихнамалық зерттеулерді сыни тұрғыдан талдай отырып пайдаланады.

ОН4. Оқу және ғылыми үрдісін ұйымдастыруда тарихи кезеңдерін өзекті мәселелері бойынша теориялық тұжырымдарды және заманауи ұстанымдарды жан-жақты зерделейді, жүйелейді.

ОН5. Тарихты оқытуда мәдениетаралық диалог пен рухани құндылықтарды өркениеттік көзқарас тұрғысынан бағалайды.

ОН6. Зерттеушілік және тәжірибелік міндеттерді шешуде гуманитарлық және қосалқы тарихи пәндер негіздерін қолданады.

**АК төрағасы Л.Динашева.** 6B01615, 6B02231-Тарих ББ бағдарламаларын бағалау бойынша кафедраның Академиялық комитет комиссиясы негізгі оқу жоспарын қайта қарау жұмыстарын жүргізді. Қазақстандағы ең үздік ББ жүргізілген бенчмаркинг нәтижелерін ескере отырып, жетекші ЖОО-ның бағдарламалары негізінде ББ пәндері қайта қаралуда. Талдау нәтижесінде жаңа пәндердің енуі, кейбір әдебиетпен қамтамасыз етілмеген пәндердің жоспардан қысқаруы, кредиттерді ұлғайту арқылы пәндерді жүйелеп, оқу-әдістемелік әдебиеттермен қамтамасыз ету мәселелері қатар қарастырылды. Мысалы, 6B01615-Тарих ББ бойынша «Ғылыми зерттеу негіздері», «Академиялық жазылым», ал 6B02231-Тарих ББ бағдарламасына «Араб тілі», «Тарихи саясат», «Ғылыми зерттеу негіздері» пәндерін енгізу ұсынылып отыр.

Сонымен қатар, ББ бойынша өндірістік тәжірибе келісім-шарттары мен базалары, білімгерлердің контингентін қалыптастыру нәтижелері, білім берудің оқу-әдістемелік қамтамасыз етілуі, рейтинг нәтижелері, түлектердің жұмысқа орналасу нәтижелері қарастырылды.

**ШЕШІМ:** Гуманитарлық пәндер мұғалімдерін даярлау және Гуманитарлық ғылымдар бағыттарына ішкі аудит бойынша АК есеп мәліметтері назарға алынсын.

**АК төрағасы**

**Хатшы**



**Л.Динашева**

**А.Оспанова**